

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### «МАФ-2021» 5-ші Мәскеу актуарлық форумы

27 және 28 мамырда «Кәсіби актуарийлер қауымдастыры» және «Актуарийлер гильдиясы қауымдастыры» қолдауымен жыл сайын өткізілетін 5-ші Мәскеу «МАФ-2021» актуарлық форумы өтті.

Аталған форумның мақсаты – Ресейдің Қаржы нарығын дамыту стратегиясы аясында актуарий мамандығы мен актуарийлік қызметті дамыту жолдарының бірыңғай түсінігін тұжырымдау.

Биылғы жылдың форумға Ресей Банкінің, Ресей Қаржы министрлігінің, Ресей зейнетақы қорының, мемлекеттік емес зейнетақы қорлары Ұлттық қауымдастырының, Бұкілресейлік сақтандырушылар одағының, Халықаралық актуарийлер қауымдастырының, бейінді қоғамдық ұйымдардың, ресейлік және халықаралық сақтандыру және консалтингтік компаниялардың басшыларымен қатар Қазақстаннан шақырылған спикер ретінде онлайн-форматта «БЖЗК» АҚ Басқарма Төрағасы Ж. Б. Құрманов та қатысты.

Қазақстандық спикер міндетті зейнетақылық сақтандырудың мемлекеттік тарифтік жүйесінің актуарлық негіздемелеріне арналған форум секциясы шеңберінде: «Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі зейнетақы жарналары мен төлемдері: ағымдағы жағдайы және даму келешегі» атты баяндамасын оқып, әдіснама және тәжірибемен бөлісті.

Оз сөзінде ол Қазақстандағы зейнетақымен қамсыздандыру құрылымы, жаңадан қабылданған заннамалық өзгерістер және ағымдағы көрсеткіштер туралы айтЫп берді. Сондай-ақ, жүргізілген ұзақ мерзімді актуарлық зерттеулерді ескере отырып, еліміздің зейнетақы жүйесін дамытудың одан арғы жоспарлары жария етілді, оның ішінде: ең төменгі кепілдіктер жүйесін және зейнетақы төлемдерін есептеу әдіснамасын жетілдіру, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын енгізу, зейнетақы аннуитеттері мен ерікті жинақтарды дамыту және т. б.

Баяндама сарапшылар мен басқа қатысушылардың, соның ішінде онлайн аудиторияның қызығушылығын тудырды. Бұған дейін, ағымдағы жылдың 30 наурызында «БЖЗК» АҚ Басқарма Төрағасы Жанат Құрманов Еуразиялық аймақ елдері үшін Халықаралық әлеуметтік қамсыздандыру қауымдастырының (ХӘҚҚ) вебинары аясында «Экономикалық ауытқу жағдайында жарналардың тарифтік жүйесіне актуарлық негіздемелер» атты тақырыпта онлайн-режимде баяндама жасаған болатын.

Форумның жаңа онлайн-форматтағы трансляциясы толыққанды пікір алмасуға мүмкіндік берді, соның арқасында әрбір қатысушы спикерлерге желіде сұрақтар қойып, дауыстарын беріп отырды.

Форум аясында панельдік пікірталастар, тәжірибелік іс-әрекеттер өткізілді, Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартының жаңа стандарттарын (КЕХС 17) қолдану бойынша мамандарға ұсыныстар мен тағы басқа көптеген кеңестер берілді.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мулік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Укіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жузеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заннамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жузеге асырады, салымшиыга (алуышыға) зейнетақы жинақтарының жай-куй туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).